

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 6 маусымдағы № 5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 маусымда № 28423 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 12 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі әкімінің 14.09.2022 № 12 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7 ) тармақшасына сәйкес, Ерейментау ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 18 мамырдағы № 01-31-354 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі аумағында мүйізді ірі қара малдары арасынан инфекциялық ринотрахеит ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Еркіншілік ауылдық округінің әкімі*

*М.Жампенсов*